

**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынын өзін-өзі бағалау
қорытындысы**

Ойыл селосы

01 қараша 2021 жыл

Өзін-өзі аттестаттау комиссияның құрамы:

Төрайымы:

1. Балабақша меңгерушісі –Сейталипа Мейрамгул

Комиссия мүшелері:

2. Әдіскер – Толыбаева Шара

3.Психолог –Қалиева Айсауле

4.Кәсіподақ төрайымы – Абрешова Айжан

5.Тәрбиеші – Сисенғалиева Баянгул

6.Мейірбике – Сағатова Жанат

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық негізінде «Балдырған» бөбекжай-балабақшасында МКҚК өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:



1) Мекеменің атауы: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Сыйымдылығы 140 орындық, 2 қабатты типтік ғимаратта орналасқан. 1980 жылы қолдануға берілген, жалпы алаңы 1107,9 шаршы метр. Балабақшаның заңды тұлға, өзінің мөрі бар.

Балабақшадағы топтар саны: 6 топ.

Балалар саны: 170 бала

2) **Білім беру ұйымының орналасқан жері:** Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Амангелді көшесі № 4

3) **Заңды тұлғаның байланыс деректері:** Қазақстан Республикасы,
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосы.
Индекс 030900, телефон 8(713-32)72-08-80, 2-11-31
Электрондық адресі: gkp_baldyrgan@mail.ru
Инстаграм парақшасы: [baldyrgan_80](#)

4) **Кәсіпорынның құрылтайшысы:** Ойыл аудандық әкімдігі Мемлекеттік басқару органы: Ойыл аудандық әкімдігінің, Ойыл аудандық білім бөлімі, Мемлекеттік мекемесі.

5) **Құрылтайшылар келісімі, білім беру ұйымының жарғысы.**
Ойыл аудан әкімдігінің 2013 жылғы 21 қазандағы №244 қаулысымен бекітілген «Ойыл аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Жарғысы негізінде жұмыс жасайды.

6) **Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу куәлігі:** №82-1904-14-МК73171272013ж

Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясы (лицензияның нөмірі, берілген күні) және оның қосымшалары.

Мемлекеттік лицензия серия ББ №0001703. Лицензияның берілген күні: 12 қазан 2000 жыл Ақтөбе қаласы. Серия ББ лицензиясына қосымша №0001703 қосымшасына лицензиялық карточка бар

Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін жекеменшік немесе шаруашылықты жүргізетін құқығын немесе жылжымайтын мүлікті жедел/сенімді басқару құқығын растайтын материалдық және материалдық емес активтер;

Балабақшаға 14.07.2014 ж. жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық төлқұжат (н-2) берілген.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Ақтөбе облысы әділет департаментінің Ойыл ауданы әділет басқармасы 31.07.2014 ж меншік иесі туралы мәлімет берген. Кадастр нөмірі: 02;032;009;472;1

Білім беру үрдісі үшін жайды пайдалануға берілген мемлекеттік өртке қарсы және санитарлық эпидемиологиялық қызметтердің қорытындылары мен анықтамалары;

Санитарлық эпидемиологиялық сараптама қызметі мен өрт қауіпсіздігі қызметінің қорытындылары мен анықтамалары бар 13.05.2016 ж.

Медициналық қызмет көрсету және тамақтандыру пунктерімен қамтамасыз етілуін растайтын құжаттар;

Медициналық қызметті жүргізуге мемлекеттік лицензия берілген 24.05.2016ж №11057DD

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» бөбекжай -бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Балдырған» бөбекжай - балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 140 орын. 6 топ. Қазіргі таңда 166 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі.

Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

«Балдырған» мектепке дейінгі ұйымында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Балабақшада дене тәрбиесі мен музыка залы біріктірілген, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинет, психолог кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02-032-009-472-1; Жер учаскесінің алаңы: 0,3637 га.

Балабақша ғимараты газ жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Балабақшаның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқаулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жарақаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген. Балабақшаның аумағы қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Әр топтың өзінің ойын алаңы бар.Балабақша алаңы балалар ойындарына арналған құралдармен бала жасына сай келетін әткеншектер, сырғанақтар, үйшіктермен жақсы жабдықталған. Барлық топтар мен кабинеттер талапқа сай жиһаздармен, көрнекі, оқу- әдістемелік құралдармен жабдықталған.

МКҚК мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие процессі төмендегі құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- ҚР Білім туралы заңы;
- ҚР Білім және ғылым министрлігі нормативтік құжаттарымен;
- Жарғы;
- Оқу жұмыс жоспары;
- Ішкі еңбек тәртібі;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім бөлімі, аудандық білім бөлімі нұсқаулықтары, бұйрықтары, үкімдері, шешімдері және т.б. құжаттары.

Балабақша аптаның 5 жұмыс күнінде жұмыс жасайды.

Барлық топтар саны – 6

«Аққайын», «Ботақан», «Айгөлек», «Күншуақ», «Балапан» «Еркетай» топтары бар.





Барлық 6 топтың балалары ата-ана қаражатымен қаржыландырылады.

Барлығы да мемлекеттік тілде оқу – тәрбие жұмысын жүгізеді.

Мекеме типі: қазақша, мемлекеттік тілде жұмыс жасайды.

Оқыту және тәрбиелеу тілі – мемлекеттік.

Жалпы тізім бойынша бала саны- 170.

Балалар балабақшаға басқару органымен берілген жолдамасы бойынша қабылданады.

Ата - аналармен келісім шарт жасалды.

Балалар қозғалысының кітабы жүргізіледі.

Құжаттар істер номенклатурасына сай мемлекеттік тілде жүргізіледі; лауазымдық нұсқаулар әр қызметкерге арналып құрылған.

Балабақшада музыка залы дене шынықтыру бөлмесімен біріктірілген, психолог бөлмесі бар. Барлық бөлмелер қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Музыка залында дене шынықтыру оқу қызметіне қажетті гимнастикалық скамейкалар, доптар, доғалар, кедергілер, спорттық құралдар: шеңберлер, батут – доптар, кеглилер, құм салынған және қиыршық тастар салынған қапшықтар, секіргіш жіптер жалаушалар т.б-мен жабдықталған. Музыкалық ойын-сауықтарды ұйымдастыруға арналған пионинно, музыкалық орталық, балалардың музыкалық аспаптары, көрнекіліктер, ойын-сауықтарды драмалауға арналған атрибуттары, ертеңгілікке арналған жабдықтары бар. Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі құралдар, аудио-видео материалдары бар.



Педагог – психолог кабинеті



Музыка залы



Әдіскер кабинеті

Меңгеруші, әдіскер, психолог, есепші кабинеттерінде барлығы 2 компьютер, 3 ноутбук бар, 1-і ғаламатормға қосылған, 4 дана принтер бар.

“Балдырған” бөбекжай-бақшасында да Мемлекеттік ту, елтаңба, әнұраны бар. Елтаңба мен ту мекеме басшысының кабинетінде талапқа сай орналастырылған. Мекеме дәлізінің қабырғасында «Мемлекеттік рәміздер», «Балабақша тынысы», “Кәсіподақ бұрышы” мекеменің эмблемасы, ата - аналарға арнайы бұрыш, «Денсаулық зор байлық», «Әдістемелік бұрышы» т.б. атты стенділер жабдықталған



Медициналық кабинет

Медициналық кабинет, оқшаулау бөлмесі және егілу бөлмесі 1-ші қабатта орналасқан, екі бөлмеден тұрады. Медициналық кабинетінде: Әмбебап қобдиша - 1, жер таразысы - 1, бой өлшеуіш - 1, қабырға шкаф (стенка) - 1, үстел - 1, орындық - 2, 2-тумба, жастықты тақтай төсек (куш) - 1, кварц шамдары - 1, термометр - 1, қызу өлшеуіш - 10, танометр - 1, медициналық шкаф - 1, құралдарымен жабдықталған.

Медициналық бөлме 24.05.2016жылы 11057DD лицензияланған.

Білім орталығының медициналық қызметін штаттық кестеге сәйкес 1-медбике атқаруда.

Медбике –Сағатова Жанат Сагиновна 19.02.1974 жылы туылған.

Ұлты-қазақ. Білімі:арнаулы орта, Ақтөбе медициналық училищесі, мамандығы – мейіркеш, дипломы -РТ-I №244856, берілген күні- 29.06.1994 жыл. Еңбек өтілі – 26 жыл. Біліктілік арттырғаны (қайта даярлықтан өткені) туралы куәлік №2428 31.05.2007ж Тамақ өнімдері келісім шарттар негізінде сатып алынған.

Азық-түліктермен қамтамасыз ету: ЖШС«Шин-Лайн»,ЖК»Фирма Асан» ЖШС «Анвар», ЖШС«Молпродукт»,ЖШС»Ойыл-Нан»мемлекеттік сатып алу шарттары арқылы жүзеге асырылған.Тамақ өнімдерінің сапасының қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары толықтай бар.

Медициналық құралдар СанЕжН талаптарына сай,алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен,медициналық қажетті дәрі-дәрмектермен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

Медициналық құжаттар СанЕжН талаптарына,сай, уақытылы жүргізіледі. Санитарлық-ақпараттық жұмыс әңгімелесу, кеңес беру, нұсқау түрінде өткізіледі. Санбюллетеньдер бар (тұмау, вирусты гепатит,желшешек ауруы т.б.). Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, ауа баптағыш,үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме,асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай.



Асхана

Балабақша асханасында 3 аспазшы жұмыстануда. Асхана 2 бөлмеден тұрады, суға арналған жуғыш крандар - 2, жарочный шкаф -1, электрлік плита (6 камфолы) -2, электрлік таба-1, тоңазытқыш-3, мұздатқыш-1, қуыруға арналған таба-3, шикі зат өнімдерін турайтын үстелдер-1. Кесетін тақтайшалар және пышақтар, шелектер үстелдер мен жабдықталған, СанЕжН талаптарына сай белгіленген.

Жеке тұлғаны дамыту орталығы:

- ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
- жапсыру, сурет, құрастыру іс -әрекеттеріне қажетті құралдар;
- балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған.
- Әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде.Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру

мақсатымен әр түрлі театрлар дайындалған. МДҰ- да және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 500 теңге





Білім беру ұйымын дамытудың жоспары

Балабақшаның даму жоспары 2018-2022 жылдарына жасалынған.

Даму бағдарламасының мақсаты мен міндеті: отбасы қажеттілігі мен мүмкіндіктерін қанағаттандыратын, баланың қызығушылығын ескеретін және үздіксіз оқу-тәрбие процессінің мазмұнын қамтамасыз ететін құрылымды құру. Даму бағдарламасын дайындау барысында балабақша туралы анықтама, бағдарлама бағыттары, мақсаты, міндеттері, бағдарламаның құрылымы, күтілетін нәтижелері, әдістемелік жұмыс түрлері, тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің ағымдағы жай-күйін талдау қарастырылған.

«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарының орындалуы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып, оның идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, «Рухани адамгершілік құндылықтары» туралы тақырыптық сағаттар, «Мен өз елімнің патриотымын» ашық тәрбие сағаты, «Туған өлкем – алтын бесігім» музыкалық фестивалі өткізілді. Әр жыл сайын жоспарға сәйкес «Кең байтақ менің Отаным» бұрышын жинақталады, жаңартылады, «ҚР Конституциясы – Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің негізі» тақырыбында тіл мамандарымен ұйымдастырылған викториналар, дискуссиялар өтеді. «Тәуелсіз елдің бақытты баласымыз», «Елін сүйген елбасы», «Наурыз – жыл басы», «1-мамыр – Қазақстан халықтарының достық, бірлік мерекесі» ертеңгілік, тақырыптық сағаттары өткізіледі. «Туған жердің топырағы», «Қазақстан – менің туған өлкем» атты сурет көрмелері ұйымдастырылады.





Әкімшілік – басқару әрекетінің деңгейі

Мектепке дейінгі ұйымында әкімшілік - басқару қызметі МДҰ жарлығымен, ҚР Заңнамаларымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттары негізінде жүзеге асырылады. Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды.

Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы:

1. Меңгеруші – Сейталима Мейрамгүл Қайырбековна, білімі жоғары, Ақтөбе педагогикалық институты «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы бойынша бітірген. Бірінші санатты, жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 35,1 жыл, осы мекемеде - 7 жыл.
2. Шаруашылық меңгерушісі - Раушанова Нұрсұлу Какимжановна, білімі орта, жалпы еңбек өтілі - 34 жыл, осы мекемеде-30 жыл.

3.Мейірбике – Сагатова Жанат Сағыновна білімі арнаулы орта, Ақтөбе медициналық көлледжі «мейірбике» мамандығы бойынша бітірген, жалпы еңбек өтілі - 28 жыл.

4.Есепші – Нурманова Диана «Банк ісі» мамандығы бойынша бітірген, еңбек өтілі – 7 жыл, осы мекемеде –5 жыл.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған. Номенклатураға сәйкес барлық қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мекеме басшысы мен бекітіліп, кәсіподақ ұйымымен келісілген.

Мейірбикенің құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1684 қаулысы негізінде «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған.

Есепші барлық аударымдар бойынша папкілер жинақтаған. Штаттық кестелер, бюджеттік тапсырыстар Уәкілетті органдармен бекітілген. Әкімшілік-басқару қызметкерлері өз дәрежесінде функционалды міндеттерін атқарады.

Қорытынды:

1. Балабақша меңгерушісінің басқару қызметі жүйеленген.

2.Әкімшілік –басқару қызметкерлері нормативті құжаттар негізінде қызмет атқаруда.

Педагогикалық кадрларының сапалық құрамы



Балабақшада барлығы 17 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог - қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген.

Педагогтардың ішінде жоғары білімі бар – 10 педагог , соның ішінде мектепке дейінгі білімі бар - 9 педагог , арнаулы - орта білімі бар - 7 педагог , соның ішінде мектепке дейінгі білімі бар-5 педагог .

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагог тар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2018-2019	18	6	8	10	-	-
2019-2020	18	8	10	6	2	-
2020-2021	18	8	10	7	1	-

№	Аты-жөні	Қызметі	Білімі	Бітірген оқу орны, жылы, мамандығы
1	Сейталиева Мейрамгуль Кайырбековна	меңгеруші	жоғары	АМПИ 2007, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
2	Толыбаева Шара Рахымовна	әдіскер	Жоғары	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2016 ж мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу

3	Калиева Айсауле Максатовна	психолог	жоғары	«Қайнар» университеті 2009, педагогика және психология
4	Жолбаева Гүлназ Еламановна	тәрбиеші	жоғары	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2014 ж мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
5	Сисенғалиева Баянгул Тынышевна	тәрбиеші	арнаулы орта	АПУ 1994, мектепке дейінгі тәрбие
6	Утегенова Рада Изгабдиевна	тәрбиеші	арнаулы орта	Кзыл-Ординское ПУ 1985, мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие
7	Байманова Ардақ Гафуровна	тәрбиеші	жоғары	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2016 ж мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
8	Баймуханова Салтанат Бактығалиевна	тәрбиеші	жоғары	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2016 ж мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
9	Бактыгереева Жадыра Аккалиевна	тәрбиеші	арнаулы орта	АГК 2004, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
10	Дабылова Айнаш Турмухановна	тәрбиеші	арнаулы орта	Көпсалалы «Болашақ» колледжі 2014, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
11	Абдрешова Айжан Жалғасбаевна	тәрбиеші	жоғары	АМПИ 2012, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
12	Казыбаева Динара Даденовна	музыка жетекшісі	арнаулы орта	Көпсалалы «Болашақ» колледжі 2015, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
13	Иманғали Айша Сағатқызы	музыка жетекшісі	арнаулы орта	Ақтөбе мәдениет училищесі, мәдениет-демалыс қызметі
14	Қазыбаев Ғабит Қайырғалиұлы	музыка жетекшісі	арнаулы орта	Ақтөбе мәдениет училищесі, 1995, мәдениет-демалыс қызметі
15	Еришева Роза Амангельдиевна	тәрбиеші	арнаулы орта	АГК 2012, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
16	Абдрахманова Гулжахан Даулбаевна	тәрбиеші	жоғары	С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2014 ж мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
17	Шинбаева Жанар Жубанышовна	тәрбиеші	арнаулы орта	«Рауан» көпсалалы колледжі мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогт ар саны	Зерттеуші	Жоғары	Сарапшы	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2018-2019	18	-	3	-	4	8	3
2019-2020	18	-	4	-	3	9	2
2020-2021	18	-	5	-	3	9	1

Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	1 жылға дейін	1-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-20 жылға дейін	20жылдан жоғары
2018-2019	18	-	3	6	3	6
2019-2020	18	-	2	2	6	8
2020-2021	18	-	1	3	6	8

Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Обл.білім жетілдіру институты	«Ақтөбе-Дарын»ӨҒТО	РБЖК
2018-2019	18	4	-	1
2019-2020	18	3	-	-
2020-2021	18	6	-	-

Өткен оқу жылында облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарынан 3 педагог білім жетілдіру курстарынан өтті. Соңғы 3 жылда кәсіби біліктілігін арттырған педагогтардың пайыздық көрсеткіші:
 2018-2019 оқу жылында - 4 педагог
 2019-2020 оқу жылында - 3 педагог
 2020-2021 оқу жылында - 6 педагог

Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60 жастан жоғары
2018-2019	18	2	5	7	4	-
2019-2020	18	2	5	4	7	-
2020-2021	18	2	7	6	3	-

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады - бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, аудандық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және аудандық және облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтарын баспадан шығару, аудандық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰОҚ-ін жариялау. Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологиялық сәйкестік есепке алынады. Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында іс - жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақшада кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс - қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Балабақшада кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлері балабақша ішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға ие. Облыстық және аудандық деңгейде бірнеше жүлделі орындарға ие болды. Бұл жетістіктердің барлығы педагогтар мен ата - аналардың арасында қарым – қатынас жұмыс жүргізіліп

педагогтардың шығармашыл, ізденімпаз, тәжірибелі тәрбиешілер болғандықтан бүлдіршіндеріміз биіктен көрінді.

2018-2019 жылдар аралығындағы педагогтар жетістіктері

№	Аты-жөні	Тақырыбы
1	Сейталиева М.Қ.	"Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологияларын қолдану"
2	Толыбаева Ш.Р.	"Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологияларын қолдану"
3	Утегенова Р.И.	"Ойнайық та, ойлайық"
4	Толыбаева Ш.Р.	"Ойнайық та, ойлайық"
5	Сейталиева М.Қ.	"Ең үздік 10- инновациялық жоба"
6	Сейталиева М.Қ.	"Метод проектов"
7	Калиева А.М.	"Бақытты отбасы" бағдарламасы
8	Калиева А.М.	"Ұрпақ тәрбиесі- ел мұраты" атты ІІ- Республикалық сайыс "Тәлімгер ұстаз"
9	Калиева А.М.	Республикалық "Үздік жыл психологі" конкурсы
10	Абрахманова Г.	"метод проектов"
11	Калиева А.М.	"Үздік жыл психологі"
12	Калиева А.М.	"Стрессіз өмір сүру мүмкін бе?" "Дамытушы ойындарды өткізудегі әдістемелік ұсыныстар"
13	Калиева А.М.	"Үздік педагогикалық жаңалық"
14	Калиева А.М.	"Балабақшадағы дарынды балаларды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қолдау"
15	Байманова А.	"Үздік педагогикалық жаңалық"
16	Сисенгалиева Б.Т.	"Балабақша тәрбиешілеріне арналған көмек ретіндегі құралы"
17	Мырзагалиева А.	"Балабақша тәрбиешілеріне арналған көмек ретіндегі құралы"
18	Байманова А.Г.	"Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбиелік процесті инновациялық негізде ұйымдастыру"
19	Байманова А.Г.	"Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі вариативтік компоненттің жүзеге асырылуы"
20	Абдрешова А.Ж.	"үздік педагогикалық жаңалық"
21	Абдрешова А.Ж.	"Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбиелік процесті инновациялық негізде ұйымдастыру"
22	Абдрешова А.Ж.	"Метод проекта"
23	Бақтыгереева Ж.А.	"Көліктердің бізге тигізер пайдасы", "Менің отбасым", "Алтын күз"
24	Бақтыгереева Ж.А.	"Қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру. Пішіндер", "Арулар сайысы", "Тәрбие сағаты "ҚР мемлекеттік рәміздері"
25	Бақтыгереева Ж.А.	"Үздік педагогикалық жаңалық"
26	Толыбаева Ш.Р.	"Математикалық жобалар "
27	Толыбаева Ш.Р.	"Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу"
28	Толыбаева Ш.Р.	"Үздік жыл әдіскері"
29	Толыбаева Ш.Р.	"метод проекта"
30	Толыбаева Ш.Р.	"Мектепке дейінгі оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды қолдануды жетілдіру"

31	Толыбаева Ш.Р.	"Үздік педогогикалық жаңалық" II орын
32	Утегенова Р.	"Метод проектов"
33	Утегенова Р.И.	"Себеттегі алма", "Мақтаңыз бен мысық", "Үздік математика"

2019-2020 жылдар аралығындағы педагогтар жетістіктері

№	Аты-жөні	Жетістіктері
1	"Балдырған" балабақшасы	"Үздік мектепке дейінгі ұйым"
2	"Балдырған" балабақшасы	"Мектепке дейінгі ұйымдарының жылдық жұмысын жоспарлау"
3	Сейталиева М.Қ.	"Мектепке дейінгі ұйымдарының жылдық жұмысын жоспарлау"
4	Шыңбаева Ж.Ж.	"Тәуелсіздік күні"
5	Абрахманова Г.Д.	"Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау"
6	Калиева А.м.	"Интерактивные и компьютерные технологии в учебно-воспитательной работе: опыт России и Беларуси"
7	Калиева А.М.	"Үздік психолог"
8	Калиева А.М.	"Күйзеліс жағдайында психологиялық көмек көрсету түрлері"
9	Байманова А.Ғ.	"Эксперимент жұмысын жүргізу-оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру негізі"
10	Еришова Р.А.	"Мамандығыммен мақтанамын"
11	Еришова Р.А.	"Топтағы ең үздік тілдік-көркем орталық"
12	Баймуханова С.	"Топтағы ең үздік тілдік-көркем орталық"
13	Еришова Р.М.	"жыл тәрбиешісі-2015"
14	Еришова Р.А.	"Тәуелсіздік мейірім !"
15	Абдрешова А.Ж.	"Білім беру жүйесіндегі жемісті еңбегі, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау"
16	Абдрешова А.Ж.	"үлгілі еңбегі "
17	Абдрешова А.Ж.	"Ойыншықтар әлемінде"
18	Абдрешова А.Ж.	"Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технология басылымдылықтарының жобалау әдістемесі"
19	Калиева А.М.	"Тәрбие-отбасынан басталады"
20	Бақтыгереева Ж.А.	Білім болашаққа жеткізетін нұрлы жол
21	Толыбаева Ш.Р.	"Мектепке дейінгі ұйымдарының жылдық жұмысын жоспарлау"
22	Толыбаева Ш.Р.	Республиканской дистанционной олимпиаде по казахскому языку
23	Толыбаева Ш.Р.	"Әдістемелік кабинет жұмысының мазмұны"
24	Сейталиева М.Қ.	"Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын сақтау жұмысын жоспарлау"
25	Калиева А.М.	Тренинг "Күлкі-көңіл айнасы"
26	Жолбаева Г.Е.	"Мектепке дейінгі ұйымда қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру"
27	Сисенгалиева Б.Т.	"Емдік өсімдіктер"

2020-2021 жылдар аралығындағы педагогтар жетістіктері

№	Аты-жөні	Жетістіктері
1	"Балдырған" балабақшасы»	"Ұлы Дала Елі-Тәуелсіздіктің 25 негізі"
2	Сейталипа М.Қ.	"Білім жаңа бағдар"
3	Сейталипа М.Қ.	"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық менеджмент"
4	Сейталипа М.Қ.	"Тәрбиеші болу-бақыт" І-орын
5	Шынбаева Ж.Ж.	"Тәрбиеші болу- бақыт" ІІ-орын
6	Жолбаева Г.Е.	"Болашақ оқырмандарды тәрбиелейміз"
7	Жолбаева Г.Е.	"Пойми! Открой! Найди! Исследуй!"
8	Жолбаева Г.Е.	"Үздік тәрбиеші" І-орын
9	Жолбаева Г.Е.	"Елін сүйген Елбасы!"
10	Калиева А.М.	Республикалық қашықтық олимпиадасы
11	Дабылова А.Т.	"Үздік тәрбиеші" ІІ-орын
12	Сисенгалиева Б.Т.	"Тәрбиеші болу-бақыт" І-орын
13	Сисенгалиева Б.Т.	"Үздік тәрбиеші", "Жарқын күз"
14	Байманова А.Ғ.	"Үздік тәрбиеші" ІІІ-орын
15	Байманова А.Ғ.	"Балалар әлеміндегі ойындар", "Жарқын күз"
16	Толыбаева Ш.Р.	"Балалар әлеміндегі ойындар"
17	Еришова Р.А.	"Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау"
18	Еришова Р.А.	"Үздік тәрбиеші" І-орын
19	Абдрешова А.Ж.	"Тәрбиеші болу-бақыт" І-орын
20	Баймуханова С.Б.	"Жарқын күз"
21	Бақтыгереева Ж.А.	"үздік тәрбиеші" ІІ-орын
22	Толыбаева Ш.Р.	"Тәрбиеші болу-бақыт" ІІ-орын
23	Калиева А.М.	"Жарқын күз"

№	Аты-жөні	Жетістіктері
1	Калиева А.М.	"Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі вариативтік компоненттің жүзеге асырылуы "
2	Калиева А.М.	"Мен психологпын" ІІ-орын
3	Байманова А.	Еліміздің бәсекеге қабілетті жас бүлдіршіндерін тәрбиелеуге және дамытуға қосқан үлесі үшін
4	Баймуханова с.	"Майданнан хат"
5	Еришова Р.А.	"Үздік педагогикалық жаңалық"
6	Бақтыгереева Ж.А.	"Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі вариативтік компоненттің жүзеге асырылуы "
7	Бақтыгереева Ж.а.	"Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы"
8	Утегенова Р.	"Менің педагогикалық философиям"
9	Утегенова Р.	"Қош келдің, Әз Наурыз!"

10	Утегенова Р.	"Қызықты пойыз"
11	Толыбаева Ш.Р.	"Көктем аруы"
12	Толыбаева Ш.Р.	"Білім жаңа бағдар"
13	Сейталиева М.Қ.	"Мектепке дейінгі ұйымның басшысы іс-әрекетіндегі мониторинг"
14	Калиева А.М.	"Мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық-әлеуметтік ерекшеліктері және олармен жүргізлетін түзету-дамыту жұмыстары "
15	Калиева А.М.	"Развитие профессиональной культуры педагога: теория и практика"
16	Шынбаева Ж.Ж.	Еліміздің бәсекеге қабілетті жас бүлдіршіндерін тәрбиелеуге және дамытуға қосқан үлесі үшін
17	Шынбаева Ж.Ж.	II-Республиканском конкурсе детских рисунков и детского творчества
18	Шынбаева Ж.Ж.	Республикански конкурс ручных поделок
19	Шынбаева Ж.Ж.	"Жеміс сусыны"
20	Шынбаева Ж.Ж.	"Құстар біздің досымыз"
21	Жолбаева Г.Е.	"Дарынды бала-ел болашағы"
22	Жолбаева Г.Е.	"Жабайы аңдар"
23	Утегенова Р.И.	"Үркер" марафоны

Жас педагогтармен жұмыс.

Балабақшада жас мамандар саны: 2018- 2019 оқу жылында -6 педагог, 2019-2020 оқу жылында -4 педагог

Жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылған және бекітілген. Жас мамандардың барлығына тәлімгерлер тағайындалған.

Жас мамандарға кеңестер беру, жаңа әдістемелік оқу құралдармен таныстыру, индикатор негізінде диагностика жүргізу жөнінде көмек жұмыстары тренингтер, кеңестер жүргізіліп, әдіскерлер тарапынан жас мамандардың ұйымдастырылған оқу қызметіне, іс-шараларына қатысу үздіксіз жүргізілген.

Жас мамандар тарапынан өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысым дәптерлері бар. Жас мамандар тәжірибелі педагогтар жұмыстарымен тәжірибе алмасу мақсатында танысады.

Балабақшаның меңгерушісі М.К. Сейталиева, әдіскер Ш.Р. Толыбаева тарапынан жас мамандарды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістеріне үйрету, шығармашылыққа жұмылдыру жұмыстары дәстүрлі ғана емес, инновациялық бағытта басшылыққа алынған. Жас педагогтардың жаңа технологияларды меңгеруін жетілдіру және жас мамандарға көмек көрсету жұмыстары белгіленген және жылдық жоспардағы міндеттердің толық орындалуын бақылау басшылыққа алынған.

Педагогикалық кеңес қызметі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері» негізінде жыл бойына жоспарға сәйкес 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылып, материалдар жинақталған. Мектепке дейінгі білім орталығында педагогикалық кеңестің арнайы хаттама кітапшасы бар, әр оқу жылында хаттамалар бір дәптерге жүйелі түрде жазылған, тігілген және бекітілген.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі жоспарға сай жүргізілген, соған сәйкес қаралған мәселелер, бойынша шешім шығарылып, соңынан педагогикалық ұжымның қаулысы қабылданып, қол қойылған.

Педагогикалық кеңестер дәстүрден тыс: дөңгелек үстел, іскерлік ойын, есеп түрінде өткізілген.

Қорытынды және ұсыныстар:

1. Балабақшада кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
2. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.
3. Зерттеуші, сарапшы, модератор санаттарын толықтыру жұмыстары жоспарға енгізілген.
4. Жас маманға кәсіби деңгейді арттыруға көмектесу мақсатында тәлімгерлік жұмыстары жүргізілген.

5. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының орындалуы

Балабақшада тәрбиелеу және оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Іс-қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі және қабырғадағы ақпараттар мемлекеттік тілде безендірілген.

«Балдырған» балабақшасында мемлекеттік тілді насихаттауға жақсы жағдай жасалған. Балабақшада ұлттық мерекелер қарсаңында тақырыптық іс-әрекеттер мен ертеңгіліктер ұйымдастырылып өткізіледі. Тәуелсіздік мерекесіне балалармен бірлесіп бірнеше жоспар бойынша іс – шаралар, үлкен мерекелерата – аналармен бірлесіп өткізіген. Балабақшадағы

Ұлттық мейрам Наурыз мерекесіне, аудандық «Бала тілі-бал» сайыстарына қатысып жүлделі орындарға ие болуда.

ҚР «Тіл туралы» Заңын орындау мақсатында балабақшада 2018-2019 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспары құрылды. Жоспарда педагогтармен, балалармен, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар көрсетілген. (кеңес беру, мейрамдар, сайыстар, көрмелер, ашық қаралымдар және т.б.) Құжаттық, анықтамалық тілдер мектепке дейінгі ұйымда жоғарыда көрсетілген Заңының 21 тармағына сай келеді. ҚР рәміздеріне (лицензиясы бар) арналған қабырға газеттері, анықтамалық қабырға газеттері қазіргі заманғы талаптарға сай. Мемлекеттік стандартқа сай, балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, бекітілген перспективті жоспар бойынша балалармен жүргізілетін оқыту –тәрбиелеу іс-әрекеті мемлекеттік тілде ұйымдастырылып жүргізіледі.

Қорытынды: Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңның орындалуы талапқа сай.

5. Тәрбиеленушілердің контингенті

«Балдырған» балабақшасында жалпы тізім бойынша - 170 бала. Балалардың құрамы 2 - 5 жас аралығын қамтиды, барлығы 6 топ. Топтардағы балалар санының орташы тығыздығы - 28 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі.

Соңғы жылдардағы бала қатысымы:

2018-2019 оқу жылы - 163

2019-2020 оқу жылы –166

2020-2021 оқу жылы –170

Қатысым төмендігі бала ауруына байланысты. Тұмау ауруларының көбісі 1,2 және 10,11 айларға келеді; жұқпалы аурулар 1-3, 10-12 айларға келеді

2018-2019 жылдары- бала (желшешек ауруымен-, скарлатина-).

Токсан сайын және ай сайын балалардың қатысымы мен науқастануы есепке алынып қорытындыланып отырады. Ата-аналармен жасалған келісім шарттары бар. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу, балалар мен ата-аналар құжаттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген.

6. Оқу-әдістемелік жұмыстар

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

-Тәрбиеленушінің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның жан - жақты дамуын қамтамасыз ету;

-Баланың дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

-Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Мектепке дейінгі ұйымының білім беру қызметіндегі негізгі құзыреттіліктерге сәйкес қажеттілігін қамтамасыз ететін басым бағыттары:

Сауықтыру - шынықтыру

Әсемдік – эстетикалық тәрбие

Әлеуметтік – адамгершілік тәрбие

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі мақсаты:

Отбасы қажеттілігі мен мүмкіндіктерін қанағаттандыратын, баланың қызығушылықтарын ескеретін және үздіксіз оқу-тәрбие процесінің мазмұнын қамтамасыз ететін құрылымды құру.

Баланың негізгі құзыреттіліктерді игеруіне ықпал ететін жеке дамуының кешенді ұйымдастыру және толыққанды кеңістік құру, қоғамдағы жағымды қатынастарға қабілетті шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу.

Дене шынықтыру және сауықтыру жұмысын жүргізу арқылы балалардың денсаулығын нығайту

Осы мақсаттарға байланысты төменгідей міндеттер қойылды:

Балалардың шығармашылық қабілеттіліктерін толық құнды жетілдіруге жағдай жасау үшін ұжым жұмысын жандандыру;

Балалардың дамуына арналған үйлесімді шарттарын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде педагогикалық үдерісті қоғам талаптарына сәйкес жаңғырту;

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту үдерісін инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жетілдіру.

Баланың денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру, психо-физикалық денсаулығын қорғау және нығайту және салауатты өмір салты құндылықтырға бейімдеу;

Тұлғаның еркін дамуына өзін - өзі дамытуына және өзгеріс үстіндегі әлеуметтік жағдайларға бейімделуіне ықпал ететін мектепке дейінгі білім берудің моделін жасау және ендіру;

Физикалық тұрғыдан дені сау, жан – жақты дамыған мектепке дейінгі балалының физикалық, интеллектуалдық, эмоциялық дамуының денсаулықты нығайту және сақтау қамтамасыз етіледі;

Балаларды ғажайып дүниеге өнер арқылы тарта отырып олардың танымдық – эстетикалық тәрбиесін жүзеге асыру, балалардың жоғары өнер әлеміне, көркем әдебиетке, бейнелеу өнеріне, музыкаға, театрдың әр түрлеріне қызықтыру арқылы олардың жалпы адами, мінез – құлықтық қасиеттерін қалыптастыру;

Мектепке дейінгі тәрбие берудің педагогикалық үрдісін инновациялауды қамтамасыз ету мен мазмұнын жетілдіру;

Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту;

Балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру және салауаттандыру жағдайының ата-аналар сұранысын толық қанағаттандыру;

Ата – аналар, тәрбиешілер және балалар арасындағы ынтымақтастыққа жағдай жасау.

Басты мақсатқа жету мен міндеттерді шешу төменгідей бағыттар бойынша қамтамасыз етілді:

Бастауыш мектепте бастапқы бірдей білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға білім беру жүйесін құру;

Балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы танымдық қабілеттерін дамыту;

Баланың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа формалары мен әдістерін жетілдіру; Баланың қызығушылықтары мен жағдайын есепке ала

отырып, баланың жеке тұлғасын зерттеуде ата-аналар мен педагогтардың бірдей көзқарасын қалыптастыру.

Мектепке дейінгі ұйымдағы 6 топтың оқу – тәрбие үрдісі ҚР білім және ғылым министрлігінің бекіткен 2008 жылғы 28 қараша айының №628 бұйрығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (ҚР МЖМБС 1.001-2009) - «Алғашқы қадам» (1 топта), «Зерек бала» (2топта) және «Біз мектепке барамыз» (1топта) бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық - гигиеналық талапқа сай, оқу іс-әрекет кестесі 5 білім саласы талабы бойынша базистік оқу жоспарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 - ші тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген, 2012 жылдың 20 - шы желтоқсандағы №557 бұйрығы негізінде бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және талаптарына сай құрылған. Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспарлары, технологиялық карталары және балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиелеуді ұйымдастыру циклограммалары талапқа сай құрылған. Циклограмма мазмұны бойынша бес білім саласы қамтылған.

Пәндік –дамытушы орта бала өмірін дамытуға, санитарлық - гигиеналық, психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес.

Топтардағы заттар мен ойыншықтарды орналасуы балалардың еркін қолдану мүмкіндігін толық қамтамасыз етеді. Пәндік дамытушы ортада балалардың тілдік, сенсорлық, танымдық, эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасалған. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары бар, педагогикалық кеңесте бекітілген, белгілінген іс - шаралар білім бағдарламасының, оқу - тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік бөлме заман талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған.

Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс - тәжірибиесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

Балабақшада әдіскерлік қызметін Толыбаева Шара Рахымқызы атқарады. Білімі – Жоғары, санаты – жоғары, педагогикалық еңбек өтілі – 25 жыл, балабақшада әдіскері қызметінде – 12 жыл.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі ұйымның аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың барын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады.

Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі.

Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді,

әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады. Мектепке дейінгі ұйымының басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы және балаларды тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру - шынықтыру, эстетикалық, сөйлеу, ақыл - ой, танымдық дамуының белгілі жағдайлары жасалған.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған. Дене шынықтыру,

Математика негіздері ҰОҚ де ,Сөйлеуді дамыту инновациялық технологияларын ендіру

және жетілдіру, тыңдау қабілетін, сөзді дыбыстық талдау машықтары, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын жетілдіру, балаларды әңгімелеуге үйрету, отбасымен байланыс жасау, сауықтыру – шынықтыру іс – әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру сұрақтарына көп назар аударылады.

1.Балалардың жеке тұлға болып қалыптасуында және денсаулығын нығайтуда пәндік - дамытушы ортаның маңызын түсіне келе, оны ұйымдастыруға қойылатын талаптарды орындады.

2.Кіші, ортаңғы, топтарындағы табиғат бұрыштарын тірі табиғат иелерімен толықтырылды.

3.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, олардың дене дамуына қажетті дене шынықтыру,ҰОҚ-не қажетті жаңа талапқа сай спорттық құралдармен толықтырылған.

Қорытынды:

Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «жақсы» деңгейде деп саналсын.

Жас педагогтармен жұмыс.

Балабақшада жас мамандар саны: 2018- 2019 оқу жылында -6 педагог, 2019-2020 оқу жылында -4 педагог, 2020-2021 оқу жылында -1 педагог.

Жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылған және бекітілген. Жас мамандардың барлығына тәлімгерлер тағайындалған.

Жас мамандарға кеңестер беру, жаңа әдістемелік оқу құралдармен таныстыру, индикатор негізінде диагностика жүргізу жөнінде көмек жұмыстары тренингтер, кеңестер жүргізіліп, әдіскерлер тарапынан жас мамандардың ұйымдастырылған оқу қызметіне, іс-шараларына қатысу үздіксіз жүргізілген.

Жас мамандар тарапынан өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысым дәптерлері бар. Жас мамандар тәжірибелі педагогтар жұмыстарымен тәжірибе алмасу мақсатында танысады.

